

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы

Күшін жойған

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 482 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 сәуірде № 2690 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 10 шілдедегі № 439 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 10.07.2017 № 439 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО -ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А.Тұрақов) осы қаулының Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық –құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Н. Худибаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Тұрғымов

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 16 сәуір
№ 482 қаулысымен бекітілген

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы және ветеринария салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 130200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Сәтпаев көшесі, қала әкімдігінің ғимараты

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение "Жанаозенский городской отдел сельского хозяйства и ветеринарии".

10. "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Жаңаозен қалалық әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

14. "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

2. "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

ауыл шаруашылығы және ветеринария саласында мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету.

16. "Жаңаозен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері:

ауыл шаруашылығын және ветеринариялық қызметті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету, олардың дамуына барынша қолайлар жағдайлар жасау, халықтың денсаулығын адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру.

17. "Жанаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын әзірлеу, жануарларды асыраудың санитарлық аймақтарының шекараларын белгілеу жөніндегі ұсыныстар енгізу;

қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;

ветеринариялық (ветеринариялық –санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп ұстауды қамтамасыз ету;

мұдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринариялық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

ветеринариялық мәселелер бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру ;

жануарлардың және адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өндеу;

жануарлардың және адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өнделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне етеу;

ауданның аумағында жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;

ауданның аумағында жануарлардың жүқпалы ауруларының ошактарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

мемлекеттік ветеринариялық –санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық –санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу; эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

Казақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық –санитариялық бақылау және қадағалау;

мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өндіре мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық –санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық –санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

үәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуін ұйымдастыру;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккорды жүргізу бойынша іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және облыстың жергілікті атқарушы органына ақпарат беру;

облыстың жергілікті атқарушы органына жануарлардың жүқпалы және жүқпалы емес ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жөнінде ұсыныстар енгізу;

облыстың жергілікті атқаруышы органына профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізу;

ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алғынған ветеринариялық препараттарды сақтауды ұйымдастыру;

облыстың жергілікті атқаруашы органына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық –санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар туралы ұсыныстар енгізу;

ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын өндірумен, өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің импорттымен, экспорттымен, транзитімен байланысты қызметті қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын орындау жөніндегі қызметтің бақылау және қадағалау;

республикалық қорды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алғынған ветеринариялық препараттарды бөлуді, олардың сақталуын, тасымалдануын (жеткізілуін) және пайдалануын бақылау және қадағалау;

ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу және оларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсыну;

ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қадағалау және бақылау;

мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринариялық-санитариялық жағдайды бақылау және қадағалау;

жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуы және азықтан улануы себептері мен жағдайларын айқындау және анықтау;

ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендірудің жүргізілуін бақылау және қадағалау;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес:

жұмылдыру даярлығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алу және жою, сонымен қатар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;

агроенеркесіптік кешен саласында мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;

тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді

қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік беру;

тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына қуәліктер беру;

тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу;

тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып, тіркеу, қайта тіркеу;

тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу;

тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерге, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну.

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқығы бар:

1) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуға және жүзеге асыруға;

2) осы ережеде көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражаттарды пайдалануға;

3) сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі міндettі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) белгіленген тәртіpte салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді төлеуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте болуға.

3. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметтің үйымдастыру

19. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіндегі басшылық "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндettтердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жаңаөзен қаласының әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндettтерін анықтайды;

2) "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін лауазымдарға тағайындейды және лауазымдарынан босатады;

3) заңнамамен белгіленген тәртіpte "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін ынталандыруды жүзеге асырады;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

5) өз құзыреті шегінде "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындауына міндепті бүйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мұдделерін білдіреді.

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысы "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге де мәселелерді шешу жатқызылуы мүмкін.

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлғамен орындалады.

4. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

22. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

25. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Жанаөзен қаласы әкімдігінің қаулысымен жүргізіледі.

26. Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

6. "Жанаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Жанаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК